

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «17» тамыз

### **Төлемдерді жүзеге асыру тәртібінің өзгеруі оларды алу мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді**

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) зейнетақы төлемдері 2018 жылдың алғашқы жартысында 100,9 млрд теңгені құрады. Оның ішінде сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар 8,8 млрд теңге болды. Салыстыра кетсек, өткен жылдың сәйкес кезеңінде БЖЗҚ-дан 121,2 млрд теңге төленсе, сақтандыру ұйымдарына 14,7 млрд теңге аударылды.

Жалпы төлемдер көлемінің азаюы төлемдерді ай сайын жүзеге асыру тәртібін енгізуге және әйелдердің зейнетке шығу жасын кезең-кезеңмен ұлғайтуға (2018 жылы әйелдер зейнетке 58,5 жасында шыға бастады) байланысты орын алып отыр. Ал төлемдерді ай сайын жүзеге асыру өз кезегінде төлемдерді алу мерзімін ұзартуға және жиынтық зейнетақының мөлшерін арттыруға септігін тигізеді. Сақтандыру ұйымдарына жасалатын аударымдар көлемінің азаюына бірнеше себеп бар. Атап айтсақ, олар: сақтандыру аннуитеті шартын жасасу үшін соған лайықты болатын соманың өсуі, зейнетақы жинақтарының сақталуына қатысты мемлекеттік кепілдіктен айырылу, сақтандыру компанияларының ұсынатын шарттарының өзгеруі және басқа да себептер.

БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын төлемдердің көлемі шектелмеген. Ол зейнетақы жинақтарының жалпы сомасына байланысты. Ал жинақтар зейнетақы жарналарының тұрақты және толық көлемде аударылуына қарай көбейіп отырады. Атап өту керек, жинақтардың сомасы қомақты болған сайын, ай сайынғы төлемдердің мөлшері де жоғары болады және оларды алу мерзімі де ұлғая түседі. Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы кесте бойынша орташа төлем шамамен 20 353 теңгені құрайды. Алушылардың 20 пайызы БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдерді 20 000 теңгеден 40 000 теңгеге дейін алады. 2018 жылы БЖЗҚ-дан алушыға берілетін ең жоғары ай сайынғы төлем 337 059 теңгенің құрады.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*